



Молдакаримова Майкен Жұмабековна

1947 жылы 8 желтоқсанда дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң, Павлодар педагогикалық институтына түсіп, 1969 жылы институтты бітірген соң, жолдамамен Шарбақты орта мектебіне физика пәнінің мұғалімі болып келді. Майкен Жұмабековна қатардағы мұғалімнен тәрбие ісінің меңгерушісі, пионер лагерінің директоры және ауылдық әкімнің қызметіне дейін көтерілді. Тәрбие ісінің меңгерушісі болған кездерінде Семейліктер көтерген ұранды мақұлдап, облыстың семинарларына, мектепке қоғамдық жүйеде оқуға және бағалауға қатысу бағытына қосқан үлестері орасан деуге болады. Мектептің материалдық-техникалық базасының деңгейін көтерумен қатар, оқушылардың білім сапасын және тәрбие бағытының көрсеткішінің жоғары болуына көп көңіл бөлді. 1990–2009 жылдар аралығында, яғни 20 жыл Шарбақты орта мектебінде директорлық қызметте, мектеп ұжымын басқарып келді. Майкен Жұмабековна басқарып келе жатқан ұжым ҰБТ-да жақсы нәтижелер көрсетіп келе жатыр, атап айтсақ: 2007–2008 оқу жылы аудан мектептерінің ішінде бірінші орынға ие болса, облыс көлеміндегі ауылдық мектептер ішінде III орынға, ал 2008–2009 оқу жылы аудан мектептері ішінде III орынға ие болып отыр. Ұлағатты ұстаздың әр сабағы жоғары дәрежеде өтеді. Оқушыларға сапалы, терең білім беру үшін сабақтарын дәстүрлі емес түрде өткізеді: конференция, семинар, панорамалық сабақтар, жарыс-эстафета сияқты жаңа сабақ түрлерін өз сабақтарында қолданады. Майкен Жұмабековна төрт мәрте аудандық мәслихаттың депутаты, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партия мүшесі. Лебяжі аудандық депутаттар фракциясының жетекшісі, «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XII съезд делегаты. Майкен Жұмабековна ұлағатты ұстаз, аяулы ана, адал жар.